

**BULETIN OF NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

ISSN 1991-3494

Volume 2, Number 360 (2016), 209 – 215

UDC 342.25

**PROBLEMS OF IMPROVEMENT OF SYSTEM OF PUBLIC
ADMINISTRATION
IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

K.N. Beketova

Kyzylorda state university by Korkyt Ata, Kyzylorda
Kamar82@mail.ru

Key words: public service, system of public administration, case "A", public servant, administrative position

Abstract: Public service is a necessary element of the state in general. Author offered recommendations for public servants of the case "A". As the performer of public service, it is possible to allocate two components as a part of the public servant – professional activity of the public servant and internal human resource management. These two components are in close interaction since public service depends on quality of the personnel and influences public administration. It needs to be considered when developing personnel policy since professional development of public servants is one of its elements. In a broad sense public service is a certain activity in government bodies, the organizations, the enterprises. Because it is completely directed on execution of functions. In narrow sense is a fulfillment of duties directly in government bodies. But it is necessary to distinguish administrative and legal function of public service. The public servant fulfills the duties according to a post. The public servant has to observe reputation without damage to public service. But it is necessary to be able to distinguish administratively – legal functions.

ӘОЖ 342.25

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТИК БАСҚАРУ
ЖҮЙЕСІН ЖЕТИЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРИ**

Қ.Н.Бекетова

Коркыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Кілт сөздер: мемлекеттік қызмет, мемлекеттік басқару жүйесі, «А» корпусы, мемлекеттік қызметкер, әкімшіліклауазым.

Аннотация: Мемлекеттік қызмет мемлекеттік құрылымының қажетті және маңызды элементі болып табылады. Автор «А» корпусын мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік нұсқауларын ұсынған. Мемлекеттік органдардың өкілділігін орындаудың кәсіби қызметшісі ретінде мемлекеттік қызметті қарастыра отырып, оның құрамындағы екі компоненттің болуын белгілі көрсетуге болады. Бұл компоненттер бір-бірімен тығыз байланысты, себебі мемлекеттік қызмет тиімділігі персонал сапасына байланысты сәйкес олардың басқаруынан да тәуелді. Өсірелец бұл мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кадр саясатын жүзеге асыруда және дайындауда есепке алу маңызды, өйткені мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби дамуы оның элементтерінің бірі ретінде аныкталады. Мемлекеттік қызмет кең мағынасында мемлекеттік органдардағы, кәсіпорындардағы, мекемелер мен ұйымдардағы кез-келген қызметкердің қызметін білдіреді. Өйткені, ол тұтасымен мемлекеттік міндетті шешуге, оның функцияларын аткаруға бағытталған. Алайда, әкімшілік-құқықтық мағынада мемлекеттік қызметті тікелей материалдық құндылықтар жасаушы жұмысшының функциясынан айыра білу керек. Тар мағынасында – бұл қызметшілердің өз міндеттерін мемлекеттік органдарда орындаулары. Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша қөшпілік алдында оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берген лауазымды тұлғалары сөйлейді.

Әлемнің бәсекеге қабілетті елу мемлекеттің қатарына кіру контекстіндегі мемлекеттік билік дамуының қазіргі концепциясының талаптарына жауап беруші, саяси-әкімшілік және конституциялық реформаларды жүзеге асыру қажеттілігін, Қазақстан дамуындағы негізгі басылымдарының бірі ретінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев атап өтті.

Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясында «Мемлекеттілікті одан әрі нығайту және қазақстандық демократияны дамыту. Біздің мақсатымыз – мемлекеттік басқарудың жана түрін қалыптастыру. Ол қоғамға қызмет ету мен мемлекеттілікті нығайтудың жана міндеттеріне сай болуы тиіс. Алдымызда, мен бүгін жариялаған қағидаларға сәйкес, халыққа және мемлекетке қызмет етуді барлығынан жоғары қоятын көсіпкөй мемлекеттік аппарат қалыптастыру міндеті тұр. Біз мемлекеттік қызметтің кадрлық құрамын іріктеу және көсіби даярлықтың жетілдірлген әдістемелерін енгізу арқылы сапалы турде жақсартуымыз керек. Жана талаптарды ескере отырып, біз әкімшілік реформасының екінші кезеңін бастап кеттік. Ең алдымен мемлекеттік аппарат реформаланатын болады. Мен мемлекеттік қызметтің жана жүйесі туралы Занға қол қойдым. Ол сыйайлас жемқорлыққа қарсы шараларды күшейтуді, мемлекеттік қызметшілерді іріктеуде ашықтықты арттыруды, меритократия қағидаларын енгізуді, яғни жақсы кадрларды ілгерілетуді қамтамасыз етеді» деп атап өтті, ал оның алдында Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 119 Жарлығымен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметтің жана моделінің тұжырымдамасы да қабылданды [1]. Сондықтан, мемлекеттік қызметкерлердің көсібілігі және этика мәселесі мемлекет құрылған сәттен бастап әрдайым күн тәртібінде тұратын мәселелердің бірі екені анық.

Бұл жерде тиімді басқарудың негізінде мемлекеттік қызметкерлердің біліктілік, көсібілік және әлеуметтік жауапкершілік деңгейінің жатқандығының маңызды екенін ұмытпау қажет.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыруту жөніндегі шаралар туралы Жарлығында Н.Ә. Назарбаев жүйені реформалаудың негізгі қағидаттарын белгілеп берді. Мемлекеттік органдар құрылымын жетілдіру барысында Үкімет кейір аралық буындарды алып тастау арқылы биліктің барлық деңгейіндегі лауазымдық сатыларды қысқартуы тиіс. Басқару шешімдерін қабылдаған кезде мемлекеттік органдар жұмысының кешенділігі қамтамасыз етілгені жөн. Мемлекет басшысы Парламентте сөйлеген Әкімшілік реформа мәселелеріне қатысты сөзінде: «Мемлекеттік басқаруды жаңарту, саяси реформаларды жүргізу біздің қогамымыздың топтасуына, Қазақстанның әлемдік қауымдастық алдындағы беделі мен абыройын өсіре түсуге жәрдемдесетіні сөзсіз» деген болатын. Елбасының осы айтқаны мемлекеттік қызметшілердің саяси беделінің артуы үшін негіз болып табылады.

Осы зерттеудің негізінде мемлекеттік басқару мәселелері бойынша шетелдік мен ТМД елдерінің ғалымдарының, яғни В. Вильсон, Ф. Гуднау, М. Вебер, А. Файоль, Г. Эмерсон, А.Ф. Зверев, И.А. Василенко, В.С. Нерсесянц, Е.И.Лукьяненко, З.М. Черниковский жұмыстары салынған.

Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесі мәселелерін зерттеу бойынша ғылыми бағыттар А.Байменов, М.Б.Мұхамедов, Б.Сырымбетұлы, М.С.Нұртазин, С. Өзбекұлы, Г.Сапарғалиев, А.А.Котов, Б.Майлыбаев, С.Қопабаев, А.А.Токтыбеков, В.Н.Уваровтың жұмыстарында берілген.

Қазақстанның мемлекеттік қызметі әлі де қалыптасу сатысынан өтіп жатқандықтан, жинақталған тәжірибелі ұғыну, талдау мен келешегін анықтау қажет. Қазіргі мемлекеттің тұрақты дамуы, Республиканың әлеуметтік - саяси және экономикалық тұрақтылығы, мемлекеттік басқару мен оның жүзеге асыруышы, қоғам тіршілік әрекеті - барлық салаларының тұрақты және жақсы дамуының кепілі болып табылатын, мемлекеттік қызметшілердің тиімділігі мәселесін өзектендіреді. [2].

Мемлекеттік органдардың өкілеттілігін орындаудың көсіби қызметшісі ретінде мемлекеттік қызметті қарастыра отырып, оның құрамындағы екі компоненттің болуын бөліп көрсетуге болады – мемлекеттік қызмет персоналының өзіндік көсіби қызметі және мемлекеттік қызметкерлердің көсіби дамуын ішкі ұйымдастырушылықпен басқару. Бұл компоненттер бір-бірімен тығыз байланысты, себебі мемлекеттік қызмет тиімділігі персонал сапасына байланысты сәйкес олардың басқаруынан да тәуелді. Әсіресе бұл мемлекеттік қызмет жүйесіндегі кадр саясатын жүзеге асыруда және дайындауда есепке алу маңызды, өйткені мемлекеттік қызметкерлердің көсіби дамуы оның элементтерінің бірі ретінде анықталады. [3].

Мемлекеттік қызмет мемлекеттік құрылымының қажетті және маңызды элементі болып табылады. Ол мемлекет пен қоғам арасындағы байланыстыруыш звено ролін атқарады.

Көсіби қызметшілер институтының қалыптасуын Егеменді Қазақстанның саяси жүйесінің стратегиялық реформалаудың мақсаты ретінде қарастыруымыз қажет. Бұл мақсат ең алғаш Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қол қоюымен «Мемлекеттік қызмет туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсанда №2730 заңдық күші бар Жарлығында нормативті бекітілуге ие болды. Бұл нормативтік құжат ең алғаш мемлекеттік қызметтің көсіби іс-әрекеттік ерекше саласы

ретінде тапты. Мемлекеттік қызметті институционалды ресімделуінің жанашылдығы болып, біріншіден, мемлекеттік қызметшілердің занмен бекітілген ерекше мәртебесі мен олардың құқықтық ережесі; екіншіден, мемлекеттік қызметші лауазымының жіктелуін ендіру және мемлекеттік қызмет институты жүйесіндегі олардың градациясы; үшіншіден, партиялық және кеңестік жолын ұстаушылық қағидаларын демократизмін мемлекеттік қызметке қолжетімділік, алқалық пен дара басшылық; мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптардың біртұтастырығы сияқты қағидалары ауыстыруды [4].

Олар, Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызмет институтын ұйымдастырудың жалпы концепциясының құқықтық бекітілуі болған, «Мемлекеттік қызмет туралы» занда жасау мен қабылдау процесінде анықтаушы факторлар болды. [5].

Мемлекеттік қызмет туралы қазіргі заннама мемлекеттік қызметтің жаңа үлгісіне негіз қалады. 1998 жылғы 18 қыркүйекте мемлекет басшысының шешімімен мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік және оның аумақтық органдары құрылды, сондай-ақ Президенттің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы құрылды. [6].

1999 жылы қабылданған ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- мемлекеттік әкімшілік қызметші – мемлекеттік саяси қызметшілердің құрамына кірмейтін, мемлекеттік органдарда тұрақты қосіби негізде лауазымдық өкілеттікі жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші;

- мемлекеттік қызмет – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттілігін атқару жөніндегі қызметі;

- мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не ҚР Ұлттық Банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікі жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы. [7]

Мемлекеттік қызмет кең мағынасында мемлекеттік органдардағы, кәсіпорындардағы, мекемелер мен ұйымдардағы кез-келген қызметкердің қызметін білдіреді. Өйткені, ол тұтасымен мемлекеттік міндетті шешуге, оның функцияларын атқаруға бағытталған. Алайда, әкімшілік-құқықтық мағынада мемлекеттік қызметті тікелей материалдық құндылықтар жасаушы жұмысшының функциясынан айыра білу керек. Тар мағынасында – бұл қызметшілердің өз міндеттерін мемлекеттік органдарда орындаулары. [8]

Осылайша, олардың бірінші кезектегі міндеттердің бірі – мемлекеттік қызметті ұсынудың халықаралық, сервистік тәртібіне көшу. Қатаң бәсекелестік жағдайында үнемі өз қызметтерінің сапасын арттыратын жеке меншік секторлардан мемлекеттік органдардың айырмашылығы - өздерінің даралығынан бұл мәселелерге аз көніл бөлінді.

Осы кезге дейін еліміздің заннамасында «мемлекеттік қызмет» және «мемлекеттік қызметтердің стандарттары» деген түсініктер болған жоқ, сол себепті қызметтерді мемлекеттік органдардың міндеттерімен шатастырады. Сондықтан Елбасы мемлекеттік органдардың рейтингтік бағалаудың негізгі критерийінің арасынан ұсынылатын мемлекеттік қызмет сапасын ерекше белгіледі. [9].

Еліміздегі мемлекеттік қызметкерлер жұмысшының өзіндік кәсіптік ерекшеліктері бар:

- биліктік және басқарушылық құрылымдарға қатысу;
- занда білу мен құқық нормаларын сақтау;
- мемлекеттік тәртіптің талаптарын орындау;
- аппараттық жұмыстық кадагалау;
- қабылданатын шешімдер мен іс-эрекеттерге жауапкершіліктің жоғарғы деңгейі;
- нақты ситуацияға байланысты ерекше шешімдер таба білу;
- қызмет жағдайына байланысты моральдық-психологиялық (кушке) жүктемеге бейім болу.

[10]

ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заны мемлекеттік қызметтегі қызмет түрлерін саяси және әкімгершілік етіп екі түрге бөледі. Заң бойынша саяси тағайындаулардың шекарасы оның белгіленген, министрліктер деңгейіндегі саяси мемлекеттік қызметкерлерге: министр мен оның орынбасарлары, аймақтық деңгейде – облыс әкімдері мен орынбасарлары, қала, аудан, ауыл әкімдері жатады. Атқарушылық органдары қалған барлық қызметтер - әкімгершілікке жатады.

Олар мемлекеттік қызметкерлердің 96-97% құрайды және де саяси тағайындаулар аудиоскан жағдайда негізсіз жұмыстан босатудан занмен қорғалған. [11].

Мемлекеттік қызмет әкімгершілік қызмет ретінде келесі функцияларды орындауды: ақпараттық-талдаушылық; ұйымдастырушылық-техникалық, экспертиз, басқарушылық шешімдердің орындалуын қадағалау, қаржылық-шаруашылықтық, құқықтық, кадрлық.

Мемлекеттік қызметтің жұмыс істейтін құрылымын талдау оның өзгешелігін анықтауға мүмкіндік береді, оларға жанама және тікелей бойынша биліктін бөліну қағидасынан туындастынын, мемлекеттік қызмет жүйесінің дифференциациясы; қызметкерлік қатынастарды реттеу мен зорлық пен зансыз жұмыстан шығаруға жол бермейтін мемлекеттік қызмет жүйесіндегі тұрақтылық; лауазымдар, дәрежелер, атақ, мамандық дәрежелер мен талаптар біртұтас номенклатурасын болжайтын, мемлекеттік қызметке қойылатын талаптар бірлігі; құқық пен зандылықтың, кәсібілік, мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі мен жауапкершілігінің үстемдігі жатады. [12].

ҚР мемлекеттік қызметі мынадай қағидаларға негізделеді: (ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заны, 3 бап)

- 1) зандылық;
- 2) қазақстандық патриотизм;
- 3) мемлекеттік өкіметтің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөлінуіне қарамастан, мемлекеттік қызмет жүйесінің біртұтастығы;
- 4) азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және занды мүдделерінің мемлекет мүдделері алдындағы басымдығы;
- 5) жалпы қол жетімділік, яғни Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке қол жеткізуге және өз қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бойынша жоғарлатылуға тәң құқығы;
- 6) азаматтың мемлекеттік қызметке кіруінің еріктілігі;
- 7) мемлекеттік қызметшілердің кәсібілігі және жоғары біліктілігі;
- 8) мәні бірдей жұмыстарды орындағаны үшін еңбекке ақыны тәң төлеу;
- 9) жоғары тұрган мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімдерді орындаудың бағынысты мемлекеттік қызметшілер мен тәмненгі мемелекеттік органдардың қызметшілері үшін міндеттілігі;
- 10) мемлекеттік қызметшілердің бақылауда болуы мен есептілігі;
- 11) мемлекеттік құпиялар немесе занмен қорғалатын өзге де құпия болып есептелетін қызметті қоспағанда, қоғамдық пікір мен жариялыштықты ескеру;
- 12) мемлекеттік қызметшілердің құқықтық және әлеуметтік қорғалуы;
- 13) мемлекеттік қызметшілерді қызметтік міндеттерін адал, ынталы атқарғаны, ерекше маңызды және курделі тапсырмаларды орындағаны үшін көтермелеу;
- 14) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік міндеттерін орындағаны не тиісінше орындағаны және өздерінің өкілеттілігін асыра пайдаланғаны үшін жеке жауаптылығы;
- 15) мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды үздіксіз жүргізу принциптеріне негізделеді. [13].

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде:

- 1) ҚР Президенті саясатын қолдауға және оны дәйекті жүзеге асыруға, өзінің іс-әреке-тімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекет мүдделерін қорғауға;
- 2) азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен занды мүдделерін сақтау мен қоргауды қамтамасыз ету;
- 3) мемлекет және енбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтерін адал, әділ де сапалы атқаруға;
- 4) өзінің іске көзқарасымен және жеке мінез-құлқымен ұжымда орнықты және жағымды, моральдік-психологиялық жағдай туғызуға ықпал етуге;
- 5) басқа мемлекеттік қызметшілер тараپынан қызмет этикасы нормаларын бұзы фактілеріне жол бермеуге және жолын кесуі т.б. жалпы саны 18 пункттен тұратын міндеттерді орындауға міндетті. [14]

Ал, азаматтармен және занды тұлғалармен қарым-қатынастарда мемлекеттік қызметшілер:

- азаматтардың мемлекет институттарына сенімін нығайтуға ықпал етуге;
- қарапайымдылық танытуға, өзінің лауазымдық жағдайын, соның ішінде көлік, сервис және өзге де қызметтерді алу кезінде баса көрсептеуге және пайдаланбауға;

- өзінің іс-әрекеттерімен және шешімдерімен қоғам тарапынан негізді сынға ұшырамауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, оған төзімділікпен қарауға, он син-ескертпелерді кемшиліктерді жою мен өзінің кәсіби қызметтің жақсарту үшін пайдалануға;


- етініштерді қарау кезінде төрешілдік пен сөзбүйдәға салу көріністеріне жол бермеуге, олар бойынша белгіленген мерзімде қажетті шараптар қолдануға;

- шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қарым-қатынасына, сеніміне, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге де жағдайларға қарамастан адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиеттің құрметтеуге;

- жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға, мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

- сыртайы және әдепті болуға тиіс. [15].

Мемлекеттік қызметшілердің «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңында белгіленген негізгі міндеттерінен туындағының нақты міндеттері үлті біліктілік талаптар негізінде айқындалады және тиісті мемлекеттік органдардың басшылары бекітеттің қызметтік нұсқаулықтарда көрсетіледі (Сурет 1).



Ескерту - [16] әдебиет негізінде құрастырылған.

Сурет 1 – Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің қызметтік нұсқаулары

Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында оның басшысы немесе мемлекеттік органдың бұған үәкілдік берген лауазымды тұлғалары сөйлейді. Мемлекеттік қызметкер мемлекеттік қызметінің беделіне нұқсан келтірмей, пікір-таласты әдепті түрде жүргізуі тиіс. [17]

Стратегиялық, жалпы мемлекеттік мақсаттар мен мәселелерді мемлекеттік қызметтің саяси құраушысы қамтамасыз етуі міндетті. Ол мемлекеттің функциялары мен құзыреттерін тәжірибе жүзінде іске асыру, мемлекеттік билік органдарын ұйымдастыруыш-әкімшілік қамтамасыз ету, мемлекеттік аппараттың азаматтық қоғам мен саяси элита арасындағы байланысты орнату функцияларын атқарады. [18].

Мемлекеттік қызметті зерттеудегі теориялық негіздерін талдау мемлекеттік қызмет көп аспектілікпен сипатталатын, курделі көп функционалды институт болып табылатыны туралы корытынды жасауға болады:

- саяси аспектіде – мемлекет пен қоғамдағы саяси консенсустың маңызды факторы болып табылатын, саяси-билік мақсаттары мен мәселелерге қол жеткізу бойынша саяси күштерді жасақтаған, мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың лауазым, оның тиімділігі мен қызмет көрсетуіне әлеуметтік-саяси қатынастардың тұрақтылығы тәуелді;

- әлеуметтік – мемлекет тапсырысы бойынша, мемлекеттік ұйымдарда қызметтегі тұлғалардың қоғам үшін пайдалы лауазымды көсібі іске асыру;
- құқықтық – мемлекеттік қызметті өту, қызметшілердің лауазымын ынталандыру, олардың жауапкершілігін, шектеулерін, тыйымдарын реттейтін, құқықтық нормалар ретіндегі міндеттердің, құқықтардың және мемлекеттік-қызметкерлік қатынастардың занды орнатылған тұжырымы;
- бұқаралық – бұқаралық-құқықтық ұйым түрінің бірі әкімшілік ұйым шенберінде формалды орнатылған мақсаттар мен ұйымдастырылған адамдар - қызметшілер біртұастығынан көрініс табады;
- ұйымдастырушылық – мемлекеттік аппараттың ұйымдастырушылық және процессуалды негіздерінің қалыптасуы, лауазым иерархиясының құрылуы мен құқықтық сипаты, қызметкерлердің жауапкершілігі, ынталандырылуы, бағалануы сияқты элементтерден тұратын жүйе;
- арнайы – кез-келген мемлекет лауазымға конкурстық іріктеу, мемлекеттік қызметшінің мансабын анықтайтын, арнайы көсібі дайындықтың кең желісін көздейді;
- этикалық – мемлекеттік қызметшінің этикалық кодексінің немесе басқаша айтқанда «арнамыс кодексі» бар болуын көздейді. [19]

Жалпы, демократиялық, құқықтық мемлекеттің мемлекеттік қызметі, өзінің мақсаттары, саяси-білік қатынастар жүйесіндегі ұйымдастырылу қағидасы мен функцияларымен бірге, саяси жүйесінің ажырамас элементі болып табылады. [20]

Осылайша, жоғарыда аталған отандық ғалымдардың енбектерін және тараушаны қорытындылай келе, келесідей тұжырым жасауға болады: мемлекеттік қызмет - динамикалық, дамушы және саяси және әлеуметтік-құқықтық институт болып табылады. Мемлекеттік басқару органдары мен мемлекеттік мекемелер жүйесін, ең біріншіден, ғылыми теориялық негізделген жағдайда, өз потенциалын аштын, қоғам мен мемлекет арасында белгілі типтегі қатынастарды орнату ретінде концептуалды жағынан қарастыру керек. Қазіргі Қазақстан мемлекеттік қызмет институтының қалыптасуы концептуалды, саяси-құқықтық және ұйымдастыруши сипаттағы бірқатар мәселелерді туындаатты. Откізіліп жатқан реформалар процесінде, оларды түсіну мен өту Қазақстан Республикасының әрі қарай дамуының кепілі болып табылады.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Қазақстан-2050 Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, 14 желтоқсан, 2012.
- [2] Вильсон В. Государство. Прошлое и настоящее конституционных учреждений. М, 1905.
- [3] Зверев А.Ф. Теория бюрократии от М. Вебера к Л. фон Мизесу Советское государство и право. 1992. № 1.
- [4] Капаров С.Г. Административная реформа в Казахстане, Государственная служба и государственное управление, Астана, 2011, 183с.
- [5] Капаров С. Г. Модернизация государственной службы в Казахстане. Учебное пособие, Астана, 2010.
- [6] Есимова Ш.А. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі: теория және тәжірибе. Монография. Астана, 2010.
- [7] Майл Армстронг Стратегическое управление человеческими ресурсами. Москва ИНФА-М, 2012.
- [8] Баянов Е.Б. Мемлекеттік қызмет. Алматы, 2008.
- [9] Шоманов А.Ж. Бельгибаев С.Т. Реформирование системы государственного управления: зарубежный опыт и Казахстан. Алматы, КИСИ при Президенте РК, 2014.
- [10] Соколов В.М. Нравственные основы кадровой политики. Государственная кадровая политика и механизм ее реализации: Кадроведение: Курс лекций. Изд.2, доп. и перераб.-М.: Издат-во РАГС, 2012.
- [11] Государственное управление в Республике и за рубежом, Высшая школа Казахстана. 2013, № 2.
- [12] Класифікация цілей государственного управління Університетські наукові записки, Часопис Хмельницького університету управління та права. 2010, № 1.
- [13] Қыдыралина Ж.У. Кадровая политика: исторический опыт и современные подходы. Астана, КР Президенті жаңындағы мемлекеттік басқару академиясы. 2013.
- [14] Сарманова А. Государственная служба в 15 странах Европы: текущее состояние и перспективы, Саясат-Policy, Сарманова А. - 2010. №4.
- [15] Тулегулов А.К. Государственная служба: опыт Англии и США. Саясат, Тулеғулов А.К. 2013, №6.
- [16] Сулейменова Г.К., Бейсембаев А.А. Перспективы развития системы государственной службы РК, Государственное управление и государственная служба, 2013.
- [17] Иватова Л.М. Совершенствование механизма формирования кадрового резерва государственной службы и методов работы с ним. Астана, 2012.
- [18] Открытость и эффективность работы государственных органов: аналитический отчет по исследованию Агентство РК по делам гос. службы. Алматы: ИЦ Сандж, 2014.
- [19] Иватова Л.М. Политические технологии как способ осуществления политической модернизации Казахстанского общества, Актуальные проблемы модернизации Республики Казахстан: экономика, политика, идеология, Алматы, 2014.

[20] Машан М.С. Входы политической системы Казахстана: содержание требований и уровень поддержки , Саясат-Policy, 2014, №8.

REFERENCES

- [1] Қазақстан Республикасынун Президенті – елбасы Н.Ә. Nazarbaevтың Қазақстан халқына Zholdauy, Қазақстан-2050 Strategiyasy - қылыштаң мемлекеттің зиңа саяси барыты, 14 жетекшісін, 2012.
- [2] Vilson V. Gosudarstvo. Proshloe i nastoyashhee konstitucionnyx uchrezhdenij. M, 1905.
- [3] Zverev A.F. Teoriya byurokratii ot M. Vebera k L. fon Mizesu Sovetskoe gosudarstvo i pravo. 1992. № 1.
- [4] Kaparov S.G. Administrativnaya reforma v Kazaxstane, Gosudarstvennaya sluzhba i gosudarstvennoe upravlenie, Astana, 2011, 183s.
- [5] Kaparov S. G. Modernizaciya gosudarstvennoj sluzhby v Kazaxstane. Uchebnoe posobie, Astana, 2010.
- [6] Esimova Sh.A. Қазақстан Respublikasyndary Memlekettik basqaru zhypesiniң tiimdligi: teoriya zhəne təzhiribe. Monografiya. Astana, 2010.
- [7] Majkl Armstrong Strategiceskoe upravlenie chelovecheskimi resursami. Moskva INFA-M, 2012.
- [8] Bayanov E.B. Memlekettik kuzmet. Almaty, 2008.
- [9] Shomanov A.Zh. Belgibaev S.T. Reformirovanie sistemy gosudarstvennogo upravleniya: zarubezhnyj opty i Kazaxstan. Almaty, KISI pri Prezidente RK, 2014.
- [10] Sokolov V.M. Nrvastvennye osnovy kadrovoj politiki. Gosudarstvennaya kadrovaya politika i mexanizm ee realizacii: Kadrovedenie: Kurs lekcij. Izd.2, dop. i pererab.-M.: Izdat-vo RAGS, 2012.
- [11] Gosudarstvennoe upravlenie v Respublike i za rubezhom, Vysshaya shkola Kazaxstana. 2013, № 2.
- [12] Klassifikaciya celej gosudarstvennogo upravleniya Universitetski naukovi zapiski, Chasopis Xmelnickogo universitetu upravlinnya ta prava. 2010, № 1.
- [13] Kydryalina Zh.U. Kadrovaya politika: istoricheskij opty i sovremennye podxody. Astana, KR Prezidenti zhanyndary memlekettik basqaru akademiyasy. 2013.
- [14] Sarmanova A. Gosudarstvennaya sluzhba v 15 stranax Evropy: tekushhee sostoyanie i perspektivy, Sayasat-Policy, Sarmanova A. - 2010. №4.
- [15] Tulegulov A.K. Gosudarstvennaya sluzhba: opty Anglii i SShA. Sayasat, Tulegulov A.K. 2013, №6.
- [16] Sulejmenova G.K., Bejsembayev A.A. Perspektivy razvitiya sistemy gosudarstvennoj sluzhby RK, Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaya sluzhba, 2013.
- [17] Iyatova L.M. Sovershenstvovanie mexanizma formirovaniya kadrovogo rezerva gosudarstvennoj sluzhby i metodov raboty s nim. Astana, 2012.
- [18] Otkrytost i effektivnost raboty gosudarstvennyx organov: analiticheskij otchet po issledovaniyu Agentstvo RK po delam gos. sluzhby. Almaty: IC Sandzh, 2014.
- [19] Iyatova L.M. Politicheskie texnologii kak sposob osushhestvleniya politicheskoy modernizacii Kazaxstanskogo obshhestv, Aktualnye problemy modernizacii Respubliki Kazaxstan: ekonomika, politika, idiologiya, Almaty, 2014.
- [20] Mashan M.S. Vxody politicheskoy sistemy Kazaxstana: soderzhanie trebovaniy i uroven podderzhki , Sayasat-Policy, 2014, №8.

УДК 342.25

ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ СИСТЕМЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

К.Н. Бекетова

Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда

Ключевые слова: государственная служба, система государственного управления, корпус «А», государственный служащий, административная должность

Аннотация: Государственная служба является необходимым элементом государства в целом. Автором предложены рекомендации для государственных служащих корпуса «А». В качестве исполнителя государственной службы, можно выделить два компонента в составе государственного служащего – профессиональную деятельность государственного служащего и внутреннее управление персоналом. Эти два компонента находятся в тесном взаимодействии, т.к. государственная служба зависит от качества персонала и влияет на государственное управление. Это нужно учесть при разработке кадровой политики, т.к. профессиональное развитие государственных служащих является одним из её элементов. В широком смысле государственная служба – это определенная деятельность в государственных органах, организациях, предприятиях. Потому что она полностью направлена на выполнение функций государства. Но следует различать административно-правовую функцию государственной службы. В узком смысле – это исполнение обязанностей непосредственно в государственных органах. Государственный служащий исполняет свои обязанности в соответствии с занимаемой должностью. Государственный служащий должен соблюдать репутацию без ущерба государственной службе.

Поступила 13.04.2016 г.